



Бекітемін: М.И.И.

«Өркен» бөбекжай балабақшасы

Менгеруші: Жылқайдарова Г.Б

«01» «09» 2023 ж



**ЖШС «ЕСКАМ» «Өркен» балабақшасының
Педагогикалық әдеп бойынша жылдық жоспары
2023–2024 оқу жылы**

ЖШС «ЕСКАМ» «Өркен» балабақшасы бойынша
педагогикалық әдеп бойынша іс – шаралар жоспары
2023-2024 оқу жылы

Р/с	Іс – шаралар тақырыбы	Өткізілу түрі	Жауапты
1	Қыркүйек Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы 1.Педагогикалық этика және кеңесті құру туралы ережесін түсіндіру 2.Педагогтердің құқықтары 3.Балабақшадағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау	Дөңгелек үстел	Меңгеруші: Жылкайдарова Г.Б. Топ тәрбиешілері
2	Қараша Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы 1.Қызметкерлердің қарым-қатынас мәдениеті бақылау 2. «Әдеп нормаларының бұзылуы және оның салдары» талдау отырысы	Дөңгелек үстел	Меңгеруші: Жылкайдарова Г.Б. Топ тәрбиешілері
2	Наурыз Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы 1. «Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық әдеп» тренинг өткізу 2. Педагогтердің кәсіби қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру. 3. Өртүрлі мәселелерін талдау.	Тренинг	Меңгеруші: Жылкайдарова Г.Б Топ тәрбиешілері:
	Мамыр Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы 1. Әдеп кеңесінің жылдық есебі мен қорытынды отырыс	Дөңгелек үстел	Меңгеруші: Жылқайдарова Г.Б Топ тәрбиешілері:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы

№1 хаттама

Күні: 12.09.2023ж.

Қатысқаны: 12 адам

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық этика және кеңесті құру туралы ережесін түсіндіру
2. Педагогтердің құқықтары
3. Балабақшадағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау

Тыңдалды:

1-мәселе Педагогикалық этика және кеңесті құру туралы таныстырушы меңгеруші Г.Б.Жылкайдарова Құрметті әріптестер, сіздермен педагогикалық әдеп кеңесінің жиналысын өткізіп отырмыз.

Әрбір мемлекеттік немесе келісім – шарт бойынша жұмыс атқаратын өызметші тиісті әдеп кодексі талаптарына тұрақты түрде сақтау қажет.

Осы орайда, 2023-2024 жаңа оқу жылында мекеме басшылары мен педагогтердің күнделікті жұмысқа уақытылы келіп-кетуі, жұмыс барысында тиісті іскерлік киім үлгісін ұстануы, қоғаммен және ата-анплармен іскерлік қарым-қатынаста болуы, телефонмен сөйлесу әдебі, сонымен қатар, жұмыстан тыс уақытта өзін ұстауы және тағы басқа жалпы қызметшінің «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығын тұрақты және қатаң түрде ұстануы қажет екендігі ескертілді.

Тыңдалды:

2-мәселе Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы Г.Б.Жылкайдарова :

«Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293 -6 Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген құқықтары туралы айтып өтті.

7,8,9 -баптарындағы педагог құқықтары туралы түсіндіріп берді.

7-бап. Педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезіндегі құқықтары

8-бап. Педагогтің материалдық қамтамасыз етуге құқығы

9-бап. Педагогтің көтермелеуге құқығы

Тыңдалды:

3-мәселе Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы Г.Б.Жылкайдарова :

Педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау бойынша құрылған Кеңес өз қызметін ҚР «Білім туралы», «Мұғалімнің мәртебесі туралы» заңдарына, осы ережеге, басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділеттілік, этика, қоғамдық пікір мен ашықтықты ескеруі тиіс. Жеке және заңды тұлғалар мұғалімдердің педагогикалық этиканы сақтауына ұатысты білім беру ұйымының педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесіне жүгіне алады.

Тыңдалды:

Кей жағдайларда түсінбеушілік эмоцияға беріліп кетуден туындайды. Мұндай жағдайлардың алдын-алу үшін өзара қолдау мен мәдениетті қарым-қатынас қажет.

Шешім:

1. Қызметкерлердің қарым-қатынас мәдениетін тұрақты бақылау.
2. Әдеп нормаларының сақталуын тұрақты бақылау ұйымдастырылсын.
3. Психологпен бірлесіп «Қарым-қатынас мәдениеті» тақырыбында тренинг өткізілсін.

Кенес төрайымы:

Г.Б. Жылкайдарова

Кенес хатшысы:

М.Б. Сапарғали





Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы

№2 хаттама

Күні: 13.11.2023ж.

Қатысқаны: 14 адам

Күн тәртібінде:

1. Қызметкерлердің қарым-қатынас мәдениетін бақылау.
2. Әдеп нормаларының бұзылуы және оның салдарын талдау отырысы.

Тыңдалды:

1-мәселе Балабақша меңгеруші Г.Б. Жылкайдарова:

«Соңғы айларда қызметкерлердің қарым-қатынас мәдениетін бақылау жүргізілді. Бақылау барысында балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста негізгі сыпайлық сағталатыны анықталды. Дегенмен, кейбір жағдайларда қызметтік тика талаптары толық орындалмай, моцияға беріліп сөйлеу, дауыс көтеру, әріптеске дөрекі жауап беру фактілері тіркелді. Мұндай жағдайлар ұжымдағы психологиялық ахуалға, ата-аналардың сеніміне кері әсер етеді. Әр қызметкер өз сөзінің, іс-әрекетінің балаға үлгі екенің ұмытпауы тиіс. «Педагогтің кәсіби мәдениеті ең алдымен оның сөйлеу мәнерінен, сабырлығынан, жауапкершілігінен көрінеді. Қарым-қатынас мәдениеті сақталмаған жағдайда тәрбие процесінің сапасы төмендейді. Осыған байланысты әдеп нормалары бойынша ішкі нұсқаулықтарды қайта қарауды және түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізуді ұсынамын». сондықтан қарым-қатынас мәдениетін көтеру – барлығымыздың ортақ міндетіміз.

Сөз сөйледі:

Педагог – психолог Махсат Ж.

«Қарам-қатынас мәдениетінің төмендеуі көбіне эмоционалды күйзелістен туындайды. Сондықтан қызметкерлерге стресс басқару, эмоцияны бақылау бойынша шағын жаттығулар мен кеңестер беру маңызды. Ұжымдағы жағымды психологиялық климат – балаларға көрсетілетін тәрбиелік жұмыстың сапасына тікелей әсер етеді».

Тыңдалды:

2-мәселе Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы Г.Б. Жылкайдарова:

Соңғы уақытта әдеп нормаларының бұзылуына байланысты бірнеше ескерту тіркелді. Бұл жағдайлар ұжым ішіндегі ахуалға және ата-аналардың сеніміне кері әсер етуі мүмкін. Әдеп талаптарын сақтау-әр қызметкердің міндеті. Әдеп нормаларының бұзылуы педагогтің кәсіби беделіне нұқсан келтіреді. Баламен дөрекі сөйлеу, ата-анамен дұрыс қарым-қатынас орната алмау – қызметтік этикаға сай емес.

Шешім:

1. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп-этикалық нормалары қатан сақталсын.
2. Мектептегі педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Кенес төрайымы:

Г.Б.Жылкайдарова

Кенес хатшысы:

Сапарғали М.Б.





№3 хаттама

М.Б.Сапарғали





Педагогикалық әдеп жөніндегі отырысының

№ 4 хаттамасы

Күні: 20.05.2024 жыл

Қатысқаны : 12 тәрбиеші

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылының Әдеп кеңесінің жыл бойғы атқарылған жылдық жұмысының есебі

ТЫНДАЛДЫ: Кеңес төрайымы Г.Б.Жылкайдарова Г.Б. сөз сөйлеп, 2023-2024 оқу жылында Әдеп кеңесі тарапынан атқарылған жұмыстар туралы толық есеп берді. Есеп барысында төмендегі жұмыстар атқарылғаны айтылды. Жыл бойы 4 рет Әдеп кеңесінің отырысы өткізілді. Педагогикалық Әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қызметкерлер арасында кәсіби қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылды. Ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстар жүргізілді. Ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалды жақсарту бойынша жұмыстар атқарылды. Қызметтік тәртіп пен ішкі еңбек тәртібінің сақталуына бақылау жасалды. Педагогтердің кәсіби әдебін сақтау мақсатында профилактикалық жұмыстар ұйымдастырылды.

Сөз сөйлеушілер: Балабақша меңгерушісі Г.Б. Жылкайдарова Ұжымда әдеп нормаларын сақтау деңгейі жақсарғанын айтып, кеңес жұмысына оң баға берді. Сонымен қатар педагогтердің ата-аналармен қарым-қатынасында сабырлылық пен кәсібилікті сақтау қажеттігін атап өтті. Кеңес мүшесі Мед бике Ж.С.Барбеева Жыл бойы өткізілген түсіндіру және профилактикалық жұмыстардың тиімді болғанын айтты. Келесі жылы қызметкерлердің құқықтық және этикалық сауаттылығын арттыру мақсатында семинарлар мен тренингтер ұйымдастыруды ұсынды.

Шешімі:

1. Әдеп кеңесінің биылғы жылғы жұмысының жылдық есебі «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын.
3. Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыру жұмыстары күшейтілсін.
4. Ата-аналармен өзара ынтымақтастық және түсіндіру жұмыстары тұрақты

Кеңес төрайымы:

Г.Б.Жылкайдарова

Хатшы:

М.Б.Сапарғали







